

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/CWID7149>***А. Х. Бекбосынова**

А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті,
Қазақстан Республикасы, Қостанай қ.

**«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІ:
БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ТІЛ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Мақалада баспасөздің қоғамда атқаратын қызметі сараланып, «Қазақ» газетінің бетінде көтерілген мәселелер жайы сөз болады. «Қазақ» газеті редакторларының азаматтық белсенділігі мен шығармашылық ізденістері талданады. Олардың ұлттық сананың оянуына, демократиялық күштердің бірігуіне, ұлт-азаттық қозғалыстың жандануына жол салып, саяси зәру мәселелерді батыл көтеріп, пікір алмасуға шақыру жолындағы еңбегі айтылады. Газет редакторлары газетті шығарудағы ешқандай қиындыққа қарамай, газет бетінде мақала, әңгіме, сын, өлеңдер т.б. молынан жариялап отырған. Газет беттерінде ғылыми-көпшілік мазмұнды мақалалар, қазақ тілі және әдебиет мәселелері, қазақ жастарына арналған мақалалар, оқу-ағарту, бала тәрбиесі, жазу мәселесіне қатысты т.б. материалдар жарияланды. С. Торайғыров, М. Жұмабаев, Ш. Құдайбердиев, М. Дулатов, А. Құнанбаев, А. Байтұрсынов т.б. шығармалары жарық көрді. А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың Абай Құнанбаевқа арнап жазған сыни мақалалары, А. Байтұрсыновтың оқу-ағарту, жазу және тіл мәселесіне қатысты мақалалары осы газет бетінде жарияланып, өз бағасын алды. Ұлт ұстазы А. Байтұрсыновтың мақалаларында қазақ мектептеріндегі оқу жүйесін реттестіру және оқулықтар жазудың қажеттілігі, жазуды жетілдіру жөнінде маңызды мәселелер көтерілген. «Қазақ» газеті халыққа дұрыс бағыт көрсетіп, ел болашағы үшін қызмет еткен басылым болғаны туралы тұжырымдама жасалады.

Кілтті сөздер: қоғамдық-саяси, рухани-мәдени қажеттілік, ұлттық сана, оқу-ағарту, сыни мақалалар.

Кіріспе

Баспасөздің қоғамда атқаратын рөлі өте зор. Күнделікті басылым ақпараттық, танымдық, ағартушылық және тәрбиелік маңыз атқаратыны белгілі.

Баспасөздің ең басты қызметі – ақпаратты шұғыл, нақты және шындық күйінде оқырмандарға жеткізу. Ендеше, публицистика белгілі қоғамдық және рухани қажеттілікті өтейтін, қоғамдық санаға әсер етуші мықты құрал болып табылады. А. Алдаш «...баспасөздің тақырыптық әр алуандағы, жанрлық көптүрлілігі, әртүрлі авторлық коллективті қамтитындығы (баспасөзге кез келген оқырман автор бола алады), белгілі бір микроөріске (нақты бір адамдар тобына) емес, қалың көпшілікке арналатындығы оның прагматикалық функциясын одан әрі тереңдете және күрделендіре түседі» [1,50], – деп атап өтеді.

«Қазақ» газеті – қоғамдық-саяси және рухани-мәдени қажеттіліктен жарық көрген басылым болды. Газет журналистерінің азаматтық белсенділігі және шығармашылығындағы ізденістер бұл газеттің өн бойынан көрінеді.

Материалдар мен әдістер

«Қазақ» газетіндегі көтерілген мәселелерді талқылау үшін салыстыру, зерттеу, сараптау әдістері қолданылды. Тіл мен әдебиет, оқу-ағарту, жазуды жетілдіру тақырыбындағы мақалаларды талдауда зерттеу әдісін қолдандық. «Қазақ» газетіндегі мақалаларға талдау жасай отырып, сол кезеңнің өзекті мәселелерін көтеріп, халыққа дұрыс бағыт-бағдар көрсетіп, ұлт үшін қызмет еткен басылым екенін анықтадық.

Нәтижелер мен талқылаулар

«Қазақ» газеті бетінде көтерілген мәселелер сан алуан болды: экономикалық және әлеуметтік, мәдени, оқу-ағарту, жер, дін және кәсіп т.б. мәселелері. Газетте түйінді-түйінді мәселелер бағыл түрде көтерілді. Үкімет тарапынан жүргізілген қатаң бақылау мен қысымшылыққа қарамастан газет тоқтаусыз шығып тұрды. Газет редакторлары мен авторлары газетті шығарудағы ешқандай қиындыққа қарамай, газет бетінде мақала, әңгіме, сын, өлеңдерді молынан жариялап отырды. Мысалы, А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы № 39, № 40, № 43 сандарында жарияланады. Бұл еңбекті мазмұнының тереңдігімен дараланатын ғылыми қисынды кесек еңбек деуімізге болады. А. Байтұрсынов бірден «Қазақтың бас ақыны Абай (шын аты Ибраһим Құнанбаев). Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» деп, ақынға өз бағасын береді. Сыни мақалада Абай шығармашылығына шынайы әдеби талдау жасалынып, ақындығына қомақты пікір айтылады және Абай шығармашылық тұлға ретінде тұтас болмысымен көрінеді. Автор қазақ әдебиетінің дамуына әсері зор болған Абай шығармалары екенін баса айтады. А. Байтұрсыновтың Абайды сыншы ретінде бағалаған «Қазақтың бас ақыны» еңбегінің әлі күнге дейін маңызы өте зор. Р. Нұрғалиев: «... Қазақтың бас ақыны» еңбегі оқшау, дара тұр. Абайдың тарихи миссиясы, рухани болмысымыздағы орны, көркемдік-эстетикалық сипаттар дұрыс көрсетіліп,

терең талданып, алғаш рет қазақ оқырмандарының алдына тартылды» [2, 9], – деп ой тұжырымдайды.

Бұдан басқа «Қазақ» газетінің 1914 жылғы № 67 санында М. Дулатовтың Абайдың қайтыс болғанына он жыл өтуіне орай жариялаған «Абай» мақаласы жарық көреді, бұл мақала әлі күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ. Мақалада М. Дулатов әлі де болса Абай есімінің, оның шығармаларының ел арасына таралмай, еңбегінің бағаланбай жатқанына өкініш білдіреді. А. Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны» мақаласы жарияланғаннан соң Абай есімі, оның шығармалары ел арасына тез тарай бастайды. М. Дулатов бұл жайлы «Абайдың кім екендігі жайынан жазылған соң қазақтың һәр жерінен сұраушылар бола бастады» деп, ақын Абай қадірін білуге шақырады («Қазақ» 1914 ж). М. Дулатов Абай өлеңдерінің жазбасын 1904 жылы А. Байтұрсыновтан көріп таныс болғанын еске алады. Абайдың шығармаларын жариялауда Алихан Бөкейхановтың да қосқан үлесін атап өтеді. Мақалада әдебиетіміз пен тарих мәселесі де көтеріледі. Автор тарихта қалуымыз өз төл әдебиетіміз бен мәдениетіміздің болуында деп түйіндейді. Абайды тек өз ішімізде ғана емес, әлемге таныту керек екендігін айтады. Автор Абайды әдебиетіміздің негізіне қаланған «бірінші кірпіші» санайды, Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болмағанын айтады. «... Абайдай үздік, артық ақын-жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай» («Қазақ» 1914 ж.) – деп бағалайды. Мақала соңын автор: «... Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, һөнер-ғылымға қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...» («Қазақ» 1914 ж.) – деп болашаққа зор үміт артып аяқтайды.

«Қазақ» газетінде жиі көтерілген мәселелердің бірі – оқу-ағарту мәселесі болды. ХХ ғасырдың басында мектеп-медресе ашу, оқу, білім т.с.с. мәселелер үнемі алға шығып отырды. Газет өнер, білім жағынан үнемі қалың қазаққа бас көз болып отырды. Ағартушылық бағытта жазылған мақалалар ұлттың жаңа сапаға өтіп, биікке көтерілуін көздеді. Мысалы, Ахмет Жанталиннің (Керейбалта) оқу-ағарту ісі жайында жазылған «*Медреседен оқып шыққан шәкірттеріміз не болмақ?*» деген проблемалық мақаласы жарық көреді («Қазақ» 1913 ж.). Мақалада автор шаһар медреселерінде оқып жүрген қазақ балаларының білімдері жайлы сөз қозғайды. Өзіне және ел-жұртына пайдасы тиетін оқудың маңызын айтады. Хат таныту, төте оқумен оқыту сияқты мәселелер жайын сөз етеді. Автор: «Біздің шәкірттер үшін медреседе біліп шығуға керек болған нәрселер: педагогика (усул тағлим және тәрбие),

өз еліміздің (түрік елінің) тарихы мен һәм қазақша бек әйбәт оқи, жаза білу, орысшаны да таза білу» деп жазады («Қазақ» 1913 ж.).

Сондай-ақ, газет бетінде қазақ тілінде шыққан кітаптарға ақпарат беріліп, қысқаша сын мақалалар жазылды. Мысалы, *«Жақын арада басылып шыққан һәм шығатын кітаптар»* айдарында А. Байтұрсынов, Абай Құнанбаев т.б жарық көрген және жақын арада жарық көретін кітаптары туралы мағлұмат берілген. *«Жаңа ашылды»* айдарында да қазақша өлеңдер, киссалар, мектеп кітаптары және Сібірде енді ғана шығып жатқан «Сибирия» газетіне 1913 жыл үшін жазылу дәптерінің ашылуы жайлы ақпараттар берілген.

А. Байтұрсынов *«Оқу жайы»* мақаласында («Қазақ» 1913, № 11) өнер-білімімен алға шығып отырған елдерді алға тартып солардан үлгі алу керектігін айтады. Мектептердің саны, сауаттылық мәселелері қозғалады. Қазақ мектептерінің көптеп ашылу мәселесін күн тәртібіне қояды. Ұлт ұстазы қазақ балаларының білім алу жолындағы кедергілерін айта отырып: «... Сөйтіп, тәуірірек оқитын орындардың қазақ үшін есігі бекіп, жолы жабылған. Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке қойылып жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді. Тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жолы жоқ, салынған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті егерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететіндер «Дар әл-мұғалимин» жоқ» – деп, өкінішін білдіреді. Автор осы олқылықтарды реттестіру, қазақша оқуды халыққа тарату баршамыздың міндетіміз деп есептейді. *«Қазақша оқу жайынан»* мақаласында да бала оқыту мәселесі қозғалады, елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек екендігін айтады, қай істі болсын маманның атқарып, көлденең адамдардың білім саласына жолағанын қаламайды, қай мәселеге де кәсібилік тұрғысынан мән береді: «Бала оқытатындар – бала оқытуын жақсы білерге керек. Бала оқытуын жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білерге керек, екінші, баланың табиғатын біліп, көңіл сарайын танитын адам боларға керек. Оны білуге баланың туғаннан бастап өсіп жеткенінше тәнімен қатар ақылы қалай кіретін жолын білуге керек. Баланың есіне, түсіне қарап ішкі халінен хабар аларлық болу керек. Ол үшін бала турасындағы педагогика ғылымын білу керек. Бұл күндері ғылымды жұрттарда бала оқыту жұмысы бала оқыту ғылымын оқып шыққан адамдардың қолында» («Қазақ» № 1913 ж.). Осы мақалада А. Байтұрсынов оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсынады, жақсы, білімді мұғалім көп болса, қазақ ішінде оқушылардың көбейетінін, оқу ісінің шапшаңырақ алға басатынын жазады. *«Білім жарысы»* мақаласында білімді жұрттардың арасында білім жарысының болатынын, осы жарыста бәйгеге қосылатындар білімділер мен өнерлілер екенін айтады. Бәйге тігу, жарыс ұйымдастыру қазақтарда да бар екенін,

бірнеше болыс ел жиылып, ет жеп, қымыз ішілетін жиылыстардан білім жарысының халыққа пайдасы зор екенін жазады. Автор «Жұртқа ғылым үйренумен, көрумен, білумен жайылады. Білімнің бас құралы – кітап. Қазақ арасына білім жайылуына әуелі оқу үйренетін орындар сайлы болу керек, екінші білім тарататын кітаптар жақсы боларға керек һәм халық арасына көп жайыларға керек. Осы мақсатқа жетуге зор себепкер болатын істің бірі – білім жарысы» («Қазақ»1913 ж.) – деп жазады. Еуропа елдеріндегі білім жарысын мысалға келтіре отырып, Нобель сыйлықтарын алған адамдар жайлы айтып, қазақ арасында да білім жарысын ұйымдастыруға болатынын және оның жолдарын ұсынады. Білім тарататын, денсаулық, шаруа жайынан қазаққа керек жақсы кітаптар жазу, баланы оқыту жайын жақсы білетіндер мектеп кітаптарын шығару және жақсы романдарға бәйге тігіліп, білім жарысын ұйымдастырудың жолдарын көрсетеді. Жалпы, А.Байтұрсынов мақалаларында білім-ғылымға көп көңіл бөлініп, оған жетудің амал-тәсілдері айтылады. Басқа да газет авторлары үнемі оқу-ағарту мәселелеріне қатысты мақалалар жариялап, өзекті мәселелерді қозғап, оны шешудің жолдарын ұсынады. Мысалы, Тілеубек есімді мақала авторы «Келешек заманға сай оқу-өнердің ұясын даярлайық. Һәр ауылға отыз-қырық балаға арнап бір мектеп ашалық. Балаларымызды ұл-қыз демей оқуға берелік» («Қазақ» 1913 ж.) – деп жазады. А. Байтұрсынов 1914 жылы «*Бастауыш мектеп*», «*Мектеп керектері*» мақаласын жариялайды. Мақалада ауыл мектептерінің күй-жайы, оқу құралдарының жоқтығы, оқытатын мұғалімдердің аздығы және бастауыш мектепте үйренетін білім жұрттың бәріне тегіс керек екендігі жайы сөз болады. Адамға тіл, құлақ, қол қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білімдер де сондай керек екендігін жазады. Бастауыш мектептердегі оқу мерзімі қазақ үшін 5 жылдық болу керектігін және бастапқы үш жылда балалар кілең қазақша оқу керектігін айтады. Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағырафия, шаруа-кәсіп, жаралыс жайы деп атап көрсетеді. Мақалада сол кезеңдегі оқу білімге байланысты ең өзекті мәселелер биік деңгейде көтеріліп, оны шешудің басты жолдары да ұсынылады.

Жалпы, «Қазақ» газетінде А. Байтұрсыновтың оқу-білімге қатысты мақалалары өте көп жарияланады. Т. Кәкішев «... «Қазақ» газетінің бетінде де әліппе оқу құралдары жайы, әсіресе, мектеп күйі қомақты да ауқымды ғылыми тұрғыдан терең әңгімеленеді. Мұның субъективтік себебі – газеттің редакторы А. Байтұрсыновтың бұл салада көп ойланып, ой-пікірін практикалық істе сынап көргендігін айрықша айту керек. «Қазақ» авторларының мектеп жайында нобайлас ұсыныс түрінде айтқандарын А. Байтұрсынов нақтылы мәселеге айналдырып, бір ойын екінші мақаласында

дамыта, өмірдің қажетіне жақындата ірілендіріп отырды» [3,95], – деп ой тұжырымдайды.

Газет беттерінде жазу, тіл мәселелері де жиі көтерілді. Н. Уәли А. Байтұрсыновтың ұлт үшін, тіл үшін жасаған еңбегін жоғары бағалай келіп былай дейді: «Тілді, елді, елдің ғасырлар бойы жасаған рухани, материалдық дүниесін жақсы көру сезімі қай кезде болсын қазақ халқында жеткілікті болған. «Қазақ» дегенде, «Тіл» дегенде басқасынан бұрын сезімнің буырқанып кететіні де сондықтан. Әрине, ұлтты, елді, тілді т.б. қасиетті, киелі құндылықтарымызды сүю, мақтаныш көру – позитивті құбылыс. Алайда ұлттық сананы қалғытып алмай, сергек ұстау, оны жетілдіріп, дамытып отыратын ұлы күш – ұлттық қозғалыс. Мысалы, ХХ ғасырдың басында А. Байтұрсынұлы намыстың отын үрлеп, қалғып кеткен ұлттық сананы оятты. Тез арада жалпақ жұртшылықтың қолына жаңа тұрпатты әліпби ұстатты, ұлттық сананы оятқан «Қазақ» газеті сияқты бүкілхалықтық газет шығарды, ағарту ісін жолға қойды, бұл шын мәнінде ұлттық көзқарас болды. Мұның өзі отаршылдық жүйенің шырмауынан босану жолында күреспен жүзеге асты» [4, 91].

А. Байтұрсынов «Орынборға келгеннен кейін, біріншіден, қазақ тілін фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік тұрғыдан зерттеумен, екіншіден, қазақ алфавитін (шрифтін емес), орфографиясын жеңілдету және реттеу үшін реформа жасаумен; үшіншіден, қазақ жазба тілін лексикалық шұбарлықтан, басқа тілдердің синтаксистік ықпалынан тазартумен, ақыры, ең соңында, төртіншіден, проза (іс-қағаз, публицистика, ғылыми жазба тіл) тілін кітаби тіл арнасынан стилистикалық өңдеу, қазақ сөздерінен термин жасау арқылы халықтың жанды тілінің арнасына көшіру істерімен айналыса бастадым. Бұлар өзім жасаған оқулықтар мен өзім редакциялаған «Қазақ» газеті арқылы іске асты» [2, 10] деп жазады. Б. Момынова «...«Қазақ» газеті араб алфавитімен басылды. Бірақ бұл алфавит оған дейін шығып тұрған басылымдардың қай-қайсысынан да өзгеше еді. Өйткені ол газеттің бас шығарушысы А. Байтұрсынов «түрлеген», жетілдірген жазу үлгісімен («Байтурсуновский алфавит») жарық көрді. Ахаң өзіне дейінгі қазақ жұртының пайдаланып келген араб жазуының қазақ тілі үшін қолайсыздықтарының бар екенін дәлелдеп, жазуды жетілдіру мақсатында «дәйекші» енгізді» [5, 162], – деп ұлт ұстазының ерен еңбегін атап өтеді. А. Байтұрсыновтың «Тіл тағлымындағы» [6] түзген әліпби жазу тәжірибесінде жұртшылықты сауаттандыру ісіне өте оңтайлы болды. М. Дулатов бұл жөнінде: «Қазақ тілін қолына қалам ұстағаннан бері шылғи қазақша жаза бастаған Байтұрсынов қазақ емлесін шығарды, оқу құралдарын жазды. Осы екі жылдың ішінде «Қазақ» газетасының тіл, емле туралы қылған қызметі көзге көрінерлік болды. Екі жылдың ішінде орта есеппен 250 мың дана «Қазақ» нөмірі тарады, жаңа сөйлеммен 15-тей кітап шықты, бұлар 45 мың

данадай бар. Осының бәрі қазақ арасына тарап жатыр. Бұл емлені тосырқап түсінбейміз, оқи алмадық деген ешкімді естігеніміз жоқ. «Қазақ» емлесін мұсылман медреселерінде, орыс школдарындағы шәкірттер, учительдер, мұғалімдер жабыла қабыл еткендігі былтырғы «Қазақ» нөмірлерінің көбінен көрінеді. Бұл екі жылдық қана қызмет, иншалла, мұнан кейін артпаса, кемімес деген үміт зор» [7, 183], – деп жазады.

Ұлт ұстазы «Жазу мәселесі» («Қазақ», 1913, № 34, № 35) деген мақаласында дауысты дыбыстарды таңбалау жөніндегі ұсыныстарын айтады. Өз пікірлерін Ғ. Мұса мырзаның пікірімен салыстырып, өз концепциясын ұсынады.

Жалпы, А.Байтұрсынов оқу-білім жайлы мақалаларында өзінің ағартушылық идеяларын халыққа жеткізді, мектептің маңызы мен оқулықтың қажеттілігі, мұғалім рөлінің ерекше екендігін көрсете білді. Т. Жұмажанова «Ахмет Байтұрсынұлы XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту ісіне белсене араласып, бүкіл болмысымен ұлт бостандығын жақтап, «өз діні, тілі, жазуы» сақталуы үшін күресе білді. Қазақтың басқа алдыңғы қатардағы халықтармен теңеліп білімді болуын аңсаған ұлт ұстазы екенін танытты» [8, 36], – деп ой қорытады. Оқу-ағарту тақырыбында жарияланған мақалаларда қазақ тіліндегі оқулықтарға ерекше талаптар қойылып, түсінікті болуымен бірге тәрбиелік мәніне ерекше назар аударылып, талқыланып отыруының өзі әдістемелік озық ой-пікірлерге бағыт берді деп айтуымызға болады. А.Байтұрсыновтың қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымы тарихында көшбасшы болғандығын бағамдаймыз. Б.Омаров «Жалпы, жиырмамыншы ғасырдың басындағы Алаш қайраткерлерінің көтерген мәселелері бүгінгі күннің толғақты тақырыптарымен үйлестік тауып жататынын көреміз. Бұлай болуы да заңды. Өйткені Алаш арыстарының қай-қайсысы да елдің болашағы үшін күресті. Сөйтіп, олардың бәрі де ағартушының рөлін атқарды. Сол жолда ғұмырларын құрбан етті. Ал олардың ағартушылық идеялары күні бүгінге дейін өміршең болып келеді» [9, 549], – деп ой тұжырымдайды.

Қорытынды

Сонымен, «Қазақ» газеті мақала авторларының елдің санасын оятып, ел болашағы үшін күрескенін көреміз. Осы орайда М.Қойгелдиевтің мына пікірін келтіру орынды деп санаймыз: «Халықтың өткен өмірі жалпықоғамдық мәні бар тәжірибе ретінде қорытылып, белгілі бір дәрежеде ұлт игілігіне асқанда ғана құндылыққа айналады» [10, 38]. Ұлты үшін аянбай қызмет еткен Алаш арыстарының білім беру жолындағы атқарған қызметтерінің бүгінгі күнде өз жемісін беріп отырғанына куәміз.

Пайдаланылған деректер тізімі

- 1 **Алдаш, А.** Сөз мәдениеті : жаңа қолданыстар негізінде : Монография. – Алматы : «Сардар» баспа үйі, 2015. – 320 б.
- 2 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. Өлеңдер мен тәржімелер, публ. Мақалалар және әдеби зерттеу / Құраст. Р. Нұрғалиев. – Алматы : Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті сынының тарихы : Оқулық. 3-басылым толықт. – Астана : Фолиант, 2013. – 400 б.
- 4 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері : филол. ғыл. докт. ... дисс. – Алматы, 2007. – 330 б.
- 5 **Момынова, Б.** Қазақ әдеби тілінің тарихы: Оқу құралы. – Алматы : «Атлас баспасы – 2001», 2006. – 200 б.
- 6 **Байтұрсынұлы, А.** Тіл тағылымы. – Алматы : Ана тілі, 1992. – 448 б.
- 7 **Дұлатұлы, М.** Шығармалары. – Алматы : Ғылым, 1997. 2-том. – 344 б.
- 8 **Жұмажанова, Т. Қ.** Әдебиетті оқыту әдістемесі мектеп ұстаздары мен болашақ әдебиетші студенттерге арналған. – Алматы : Білім, 2009. – 288 б.
- 9 **Омаров, Б. Б.** Ахмет Байтұрсыновтың білім туралы мақалалары // Тіл және руханият: өзекті мәселелер. Халықаралық конференция материалдары. – Астана : Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2010. – Б. 546–549.
- 10 **Қойгелдиев, М.** Алаш қозғалысының ұлт тағдырындағы орны жөнінде \ Алаш және Әуезов. – Алматы : Жазушы, 2007, – 304 б.

References

- 1 **Aldash, A.** Sóz mádenieti : jańa qoldanystar negizinde : Monografia [Speech culture : on the basis of new uses : Monograph]. – Almaty : «Sardar» baspa úii, 2015. – 320 p.
- 2 **Baitursynov, A.** Aq jol. [White road]. Óleńder men tárjimler, pýbl. Maqalalar jáne ádebi zertteý / Qurast. R. Nurgaliev. – Almaty : Jalyn, 1991. – 464 p.
- 3 **Kákišev, T.** Qazaq ádebieti synynyń tarihy: [History of Kazakh literary criticism:]. Oqýlyq. 3-basylym tolyqt. – Astana : Foliand, 2013. – 400 p.
- 4 **Ýalı, N.** Qazaq sóz mádenietiniń teoralyq negizderi: [Theoretical bases of Kazakh word culture:] filol. ғыл. dokt. ... diss. – Almaty, 2007. – 330 p.
- 5 **Momynova, B.** Qazaq ádebi tiliniń tarihy : Oqý quraly. [History of the Kazakh literary language:] – Almaty: «Atlas baspasy – 2001», 2006. – 200 p.
- 6 **Baitursynuly, A.** Til taғыlymy. [Language lessons] – Almaty: Ana tili, 1992. – 448 p.
- 7 **Dulatuly, M.** Shyғarmalary. [Works]. – Almaty : Gylym, 1997. – 2-tom. – 344 p.
- 8 **Jumajanova, T. Q.** Ádebietti oqytý ádistemesi [Methods of teaching literature]. – Almaty : Bilim, 2009. – 288 p.

9 **Omarov, B. B.** Ahmet Baitursynovtyń bilim týraly maqalalary [Articles about education by Ahmet Baitursynov] // Til jáne rýhanat : ózekti máseleler. Halyqaralyq konferensia materialdary. – Astana : Sh. Shaahmetov atyndaǵy Tilderdi damytýdyń respýblikalyq úlestirý-ádistemelik ortalyǵy, 2010. – P. 546–549.

10 **Qoigeldiev, M.** Alash qozǵalysynyń ult taǵdyryndaǵy orny jóninde [On the role of the Alash movement in the destiny of the nation] \\ Alash jáne Áýezov. Almaty : Jazyshy, 2007. – 304 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

А. Х. Бекбосынова

Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова,
Республика Казахстан, г. Костанай.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

ГАЗЕТА «ҚАЗАҚ»: ПРОБЛЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ЯЗЫКА

В статье описывается роль печати в обществе, рассматриваются проблемы, отраженные на страницах газеты «Қазақ». Анализируются гражданская активность и творческие поиски редакторов газеты «Қазақ». Говорится об их вкладе в пробуждение национального сознания, объединение демократических сил, возрождение национально-освободительного движения; об их смелом выступлении на политически насущные вопросы, о призыве их к открытому выступлению. Не смотря на цензурные ограничения в выпуске газеты, ее редакторы старались публиковать на страницах газеты статьи, повести, критические статьи, поэтические произведения и т.д. На страницах газеты поднимались проблемы казахского языка и литературы, публиковались научно-популярные статьи, статьи, посвященные казахской молодежи, просвещению, воспитанию детей, проблемам письменности и другие материалы. Вышли в свет произведения С. Торайгырова, М. Жумабаева, Ш. Кудайбердиева, М. Дулатова, А. Кунанбаева, А. Байтурсынова и других великих людей. На страницах этой газеты публиковались также критические статьи А. Байтурсынова и М. Дулатова, адресованные Абаю Кунанбаеву, получили заслуженную оценку статьи А. Байтурсынова, посвященные просвещению, проблемам языка. В статьях учителя нации А. Байтурсынова поднимались важные вопросы об упорядочивании учебной системы в казахских школах,

необходимости подготовки учебников, а также о совершенствовании письменного языка. Делается вывод о том, что газета «Қазақ» являлась изданием, служившим во благо народа.

Ключевые слова: общественно-политический, духовно-культурная необходимость, национальное сознание, просвещение, критические статьи.

A. Kh. Bekbossynova

A. Baitursynov Kostanay Regional University,
Republic of Kazakhstan, Kostanay.

Material received on 21.05.21.

NEWSPAPER «KAZAKH»: PROBLEMS OF EDUCATION AND LANGUAGE

The article describes the role of the press in society, discusses the problems reflected in the pages of the newspaper «Kazakh». The article analyzes the civic activity and creative search of the editors of the newspaper «Kazakh». They speak about their contribution to the awakening of national consciousness, the unification of democratic forces, the revival of the national liberation movement; about their bold speech on politically pressing issues, about their call for open speech. Despite the censorship restrictions in the publication of the newspaper, its editors tried to publish articles, novels, critical articles, poetic works, etc. on the pages of the newspaper. The newspaper raised the problems of the Kazakh language and literature, published popular science articles, articles dedicated to the Kazakh youth, education, education of children, problems of writing and other materials. The works of S. Toraighyrov, M. Zhumabayev, Sh. Kudaiberdiev, M. Dulatov, A. Kunanbayev, A. Baitursynov and other great people were published. The pages of this newspaper also published critical articles by A. Baitursynov and M. Dulatov, addressed to Abai Kunanbayev, and received a well-deserved assessment of A. Baitursynov's articles on education and language problems. The articles of the teacher of the nation A. Baitursynov raised important questions about the ordering of the educational system in Kazakh schools, the need to prepare textbooks, as well as the improvement of the written language. It is concluded that the newspaper «Kazakh» was a publication that served for the benefit of the people.

Keywords: socio-political, spiritual and cultural necessity, national consciousness, education, critical articles.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz